



# ҚАЗАҚ

# университеті

№ 07 (1312) 24-қыркүйек, 2002 жыл



Газет 1948  
жылдың 20  
сәуірінен шыға  
бастады

## Кездесу



бағытындағы оң бастаманы баянды етіп, жалғастыра беру мәселелері сөз болды.

Қазақ елінің келешекте гүлденіп өркендеуі үшін бүгінгі жас ұрпақтың білімді де білікті болып өсуі басты талап. Осы тұрғыда еліміздегі жоғары оқу орындарының өзге шет мемлекеттердегі іргелі білім беру орталықтарының ерекшеліктерімен, оқыту ісіне қатысты озық дәстүрлерімен танысып, білім, ғылым және мәдениет салаларында жеткен жетістіктерінен үйренетін тұстары да аз болмаса керек.

Кейінгі кездері университетіміз осы бағыттағы жұмыстарды жандандырып, күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің біріне айналдыруда. Биылғы оқу жылының алғашқы күндерінде

білгеніміз жөн.

Бас қосудан соң Абдалла бин Мухаммед бин Ибрагим аль аш-Шейх бастаған аса мәртебелі қонақтар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарихы мұражайын аралап, онда орын алған оқу орнының өткен кезеңіне, бүгінгі тыныс-тіршілігіне қатысты сан алуан мағлұматтар беретін тарихи жәдігерлермен танысты. Қазақстандағы техникалық-базалық тұрғыдан озық жабдықталған, білім беру жөнінен де жоғары жетістікке ие осындай үздік дәрежедегі оқу орнына ризашылық пейілдерін арнап, мұражайдағы естелік альбомға қолтаңбаларын қалдырды.

Сондай-ақ, кездесу барысында қонақтар шығыстану факультеті

## Бас редактор бағаны

### АРМАНШЫЛ ЖАСҚА АҚ ТІЛЕК!

Жас дос! Сен үшін емтихан сынағы сәтті болып, буының қатайған бұла жасында, берместі алар қайратты шағында студент атандың. Ақын жүректі жандардың студенттік жылдарды "бесінші маусымға" балауында әдемі әуен жатыр. Сен ескере жүр, адамды партадан бұрын орта тәрбиелейді. Қазір орта сені қалыптастырса, ертең сен өзің сол ортаны қалыптастыра бастайсың.

Сен білесің бе, бұл өмірде күрделі ештеңе де жоқ. Тек одан алатын әсерлерің ғана күрделі. Сөзім бізге ешқандай әрекетсіз-ақ келеді. Әйтсе де, оның жақсы мағынасындағысын ғана ұстап қалу – талғамға сын. Яғни, таңдай білуде ақыл еңбегі қажет.

Сен білесің бе, адам баласының табиғаттан шындық іздеп тұратыны бар. Оның аты – сұлулық. Бірақ, оны мультфильмнің табиғатындай жансыз өлемнен емес, шынайы болмыстан күтеді.

Сен білесің бе, дүниеде армансыз қалғаннан жаманы жоқ. Ондай сөтте өзінді қабырғасы жоқ түрмеде отырғандай сезінетінің бар.

Алматы! Айта бергің келетін асқақ атау. Үміттеніп үлгеретін әсем қалада қаншама балаң арманның аттаныс нүктесі жатыр десеніңші. Той ренді гүлдердің төтті әсері сені ешкімді жек көре алмайтынды қылып жібереді. Дегенмен, кейде көлік аққан көшелердің шаршатып жіберетіні де бар.

Сары ала күз сары желекке оранып тағы келді. Абитурент, сенің таңдауың бізге түсіпті. Атын құлағың шалғанда кластасыңның есімін естігендей елең ете қалатын ҚазҰУ бұл (біз үшін тым ыстық атау екенін айтқаным ғой). Аспанмен амандасар заңғары, желкесін бұлт қасыған әсем суреті бар Алатауды жамбастап жатқан қалашықтың ішіне еніп, сен де қатарға қосылып кете бардың. Кеше талапкер едің, бүгін студент атандың. Енді қызығы мен шыжығы итжығыс түсіп жатар сапарға бет аласың. Бәлкім кейде іш құса боп кешегі мектептегі қайран көктемді алдыдан көргің келер. Сенде қуанышпен бірге құлазу да болады, қала қызығымен бірге көңіл тұқпірінде ауылға деген сағыныш та жатады. Иә, бұл да адамды ала қылмайтын абзал сезім.

Жас дос, көп кешікпей ҚазҰУ-дың ата-анаң оқып кете берер мектепке барғандай жер емесін түсінесің. Білім жолында өзің ғана бара алар алысына аттанасың. Қош делік. Қадамыңа күт тілейік! Абитурient деген арманшыл халық, сол арманшыл ортадан ертең ел болашағын бар қылып тұрар зиялы өсіп шығары анық. Біз соған сенейік!

Бекжан ӘШІРБАЕВ

## САУД АРАБИЯСЫ ӨКІЛДЕРІ ҚАЗҰУ-ГЕ КЕЛДІ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының шақыруымен елімізге келген Сауд Арабиясы корольдігінің Әділет министрі Абд Алла бин Мухаммад бин Ибрагим аль аш-Шейх басқарған делегациясы 2-қыркүйекте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қонақта болды.

университетімізде Сауд Арабиясы елінің өкілдері қадірлі мейман болуы осынау оң бастаманың нәтижесі деп

студенттерінің қазақ және араб тілдеріндегі концерттік қойылымдарын тамашалады.

С. ЖАНИҰЛЫ



Делегация құрамында министрдің орынбасары, доктор Абдалла Бин Салих Аль-Худейси; Имам Мухаммед Бин Сауд атындағы Ислам университеті Шариат факультетінің деканы, доктор Ибрахим Бин Абдалла Аль-Брахим, Жоғары заң институтының ректоры, доктор Зейд Бин Абдель Карим Аль-Зейд, Ум Аль-Кура университеті кітапханасының директоры, доктор Абдель Мухсин Би Абдалла аль аш-Шейх осымен

екінші рет өзінің әріптестерімен ҚазҰУ-ға келіп отыр. Бұған дейін 2000 жылдың жазындағы сапарында ҚазҰУ-да болып, "ҚазҰУ-дың құрметті докторы" атағын алған еді. Сауд Арабиясының корольдігі ҚазҰУ-дың шығыстану факультетін 30 мың АҚШ доллары тұратын құрал-жабдықтармен қамтамасыз еткен болатын. Бұл жолғы бас қосу барысында да осындай екі жақты достық әрі тәжірибе алмасу



## БҮГІНГІ САНДА:

КӨП НӨРСЕГЕ КЕҢСЕНІҢ  
ТЕРЕЗЕСІНЕН ҒАНА  
ҚАРАП ҮЙРЕНГЕНБІЗ

4-5-беттер

В трудовой  
книжке —  
единственная  
запись



ӘЛІПБИ — ҰЛТТЫҢ  
РУХАНИ КЕЛБЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРҚАРАП  
ҚАТЫНАС АРНАСЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРҚАРАП  
ҚАТЫНАС АРНАСЫНДАҒЫ

DURA LEX,  
SED LEX



6-стр.

7-бет

# БІЗ



## БАҚЫТТЫ ЕКЕНБІЗ





РЕКТОРАТ

10-қыркүйекте өткен Ректорат мәжілісінде проректор С.Шалғымбаев оқу ғимараттары мен жатақханалардың жаңа оқу жылына дайындығы жөнінде, кадрлар бөлімінің бастығы М.Нұрғазин

2002 оқу жылындағы кадрлар бөлімінің қызметі туралы хабарламалар жасады. Сондай-ақ, университет ректоры Т.Қожамқұловтың оқу орнының кеңестік кезеңдегі тарихымен байланысты рәміздерін және "Еңбек Қызыл Ту" орденін ҚазҰУ тарихы мұражайына өткізу туралы, проректор Н.Омашевтің "Жастардың Рухани Орталығын" ашу туралы хабарламалары тыңдалды. Сонымен бірге мәжілісте 2002 жылы 24-қыркүйекте өтетін Ғылыми Кеңестің күн тәртібіндегі ерекшеліктер және университеттегі құжаттар рәсімдеудің тәртібін бекіту жөніндегі мәселелер талқыланды.

Талапкер - 2002



Төлеген ҚОНАҚБАЕВ, ҚазҰУ бойынша Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы

МӘРЕДЕН КЕЙІНГІ МЕЖЕ

Биылғы оқуға қабылдау жүйесіндегі ерекшеліктермен, биылғы жазғы маусымдағы университетімізге құжат тапсырған талапкерлердің жалпы жай-жапсарымен және Қабылдау комиссиясы атқарған іс-шаралармен газет оқырмандарын жан-жақты таныстырып өту үшін ҚазҰУ бойынша қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Төлеген Оспанұлы Қонақбаевпен тілдескен едік.

- ЖОО-ға қабылдаудың былтырғыдан қандай ерекшеліктері, ұтқан немесе ұтпағаны жақтары болды деп білесіз?  
- Биылғы комплекстік тестік технологияға ешқандай өзгеріс енгізілген жоқ. Жағымды жағы - қазақ тілді бөлімдерге мемлекеттік білім алуға көбірек несие бөлінді. Ал "Алтын белгі" иегерлеріне, Республикалық пән олимпиадаларының жеңімпаздарына және қазақ тілді бөлімінің талапкерлеріне жылдағыдай жеке квота қарастырылмады. Талапкерлерден сынақ қабылдау сәтінде мұның да әсері сезілді. Сондай-ақ, көптеген фундаментальды білім беретін мамандықтарға (бакалавр емес, 5 жылдық негізде білім алатындарға) мемлекеттік білім беру жүйесінен сұраныс түспеді.  
- Бізге мектепті "Алтын белгімен" бітіріп келгендердің қаншасы құжат тапсырды?  
- Республика бойынша "Алтын белгімен" бітірген 122 талапкердің арасынан 28 оқушы біздің университетке бағын сынап, студент атанды.

- Университетімізге оқуға түсу барысында ақылы топтағылар үшін қандай жеңілдік түрлері қарастырылды?  
- Ақылы бөлімге арнайы жеңілдіктер қарастырылмаған.  
- ҚазҰУ-ге құжат тапсырған талапкерлердің саны өткен жылғыға қарағанда қалай болды?  
- Биылғы жылы ҚазҰУ-ге 4043 талапкер құжат тапсырды. Былтыр олардың саны 5147 болған еді. Осы жылы республика көлеміндегі мектептерді бітірген түлектердің былтырғыдан әлдеқайда аз болғанын ескерсек, жоғарыдағы көрсеткіштің өзі үлкен жетістік. Соған қарамастан биыл грант пен несиеге былтырғыдан 15 процент артық қабылданды.  
- ЖОО-ға қабылдаудағы тестік жүйе алдағы жылдары басқа түрмен ауыстырылады деген әңгіме бар. Осы рас па?  
- Мұндай әңгімені өз басым естіген жоқпын.  
- Жалпы талапкердің білімін анықтауда қолданылып жүрген тестік жүйе өзін аяқтайды деп ойлайсыз ба?

- Талапкерлер мен олардың жанкүйерлерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының көзқарастарына қарағанда қазіргі іріктеу жүйесі өзін-өзі ақтаған сияқты.  
- Биыл емтихан күндері заң, тәртіп бұзушылық орын алды ма?  
- Емтихан қабылдау барысында ешқандай заң бұзушылық болған жоқ.  
- Сырттай оқу түріне құжат тапсыру мерзімі аяқталды ма?  
- Ақылы сырттай бөлімге құжат тапсыру 15-қыркүйек күні аяқталды. Тестік сынақ тапсыру 24-қыркүйекте өткізіледі.  
- Сіздердің тараптарыңыздан заң бұзушылыққа бару мүмкін бе?  
- Қабылдау кезінде комиссия мүшелері тарапынан ауылдық квота, жетім және мүгедек балалардың тізімін толтыру барысында жекелеген қателіктер кетсе кеткен шығар. Ал қабылдау комиссиясының жұмысына қатысқан Білім және ғылым министрлігінің есебі бойынша ондай тәртіп бұзушылық кезікпеген.  
Сөз соңында мынадай мәселені айта кеткім келеді. Қабылдау комиссиясы жұмысының ойдағыдай жүргізілуіне ұйытқы болған "Парасат" кәсіподағы ұйымының қызметкерлеріне, құжат тіркеуші техсекретарлар қауымына университет ұжымы атынан алғыс сезімді білдіремін. Кейбір оқытушылар жазғы еңбек демалысына шықса да, қабылдау жұмысынан қол үзген жоқ.  
Әңгімелескен С.ЖАНИҰЛЫ

Наше поздравление

Калкаман Турсунович Жумагулов после успешного окончания спецотделения исторического факультета КазГУ в 1972 году был оставлен на научно-преподавательской работе на кафедре всеобщей истории. С тех пор прошло ровно 30 лет. За эти годы он прошел путь от ассистента до профессора. Работал заместителем декана, выполнял различные общественные поручения на факультете и в университете. Является основателем и первым заведующим кафедрой истории древнего мира и средних веков зарубежных стран. С 2001 года работает деканом исторического факультета. Исследования ученого в области всемирной истории, евразийской, тюркской проблематики известны и за рубежом.



В трудовой книжке – единственная запись

Профессор К.Т. Жумагулов руководит темой "Исторические корни евразийства, его роль в мировой истории", главным предметом изучения которой является определение места Центральной Азии, тюркского мира и Казахстана в глобальном всемирно-историческом процессе. В этом плане по его инициативе в 1997 году была принята программа научного сотрудничества между кафедрой истории древнего мира и средних веков КазНУ имени аль-Фараби и Институтом тюркологии и стран Центральной Азии Геттингенского университета (Германия). В 1997-1999 годах он работал в ФРГ по приглашению в

качестве профессора Геттингенского университета им. Георга Августа, читая лекции на немецком языке по проблематике "Запад и Восток в мировой истории".

В настоящее время мы являемся свидетелями роста исторического факультета. Открыты новые специальности и специализации. Выпускники истфака являются востребованными специалистами как в сфере образования, науки и культуры, так и в различных государственных организациях и общественных структурах. С ноября прошлого года действует оснащенный современными компьютерами класс. С нынешнего

учебного года студенты факультета впервые получили возможность заниматься в собственном читальном зале, который распахнул свои двери 2 сентября – в День знаний.

Поздравляя уважаемого Калкамана Турсуновича с 30-летием научно-педагогической деятельности в стенах родного университета, хочется пожелать ему, а также всему коллективу исторического факультета дальнейших свершений на благородной и плодотворной ниве высшего образования.

М. МУКАШЕВА,  
председатель профкома  
"Парасат"

Халықаралық конференция



2002 жылдың қыркүйек айының 18-20-сы күндері аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің механика және математика факультетінің акт залында "Есептеу технологиясы және білім, ғылым және техника саласындағы математикалық модельдеу" атты тақырыпта халықаралық конференция болып өтті.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ  
МАТЕМАТИКАНЫҢ ЖАҢА ҚАДАМЫ

Конференция бағдарламасында, негізінен, бүгінгі Қазақстандық математика ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелер қамтылды. Конференция барысында математика ғылымына қатысты әр түрлі бағыттарды талқылауға арналған 6 секция жұмыс істеді. Пленарлық мәжілістің бірінші күні отырысында "Механиканың теоретикалық және экспериментальдық есептері", "Математикалық модельдеудің, білім берудің жаңа ақпараттық технологиялары" деген тақырыптарда, екінші күні отырысында "Дифференциальды теңестіру және оның қосымшасы", "Математикалық физиканың өдістемелік реттері" деген тақырыптарда елімізге, әлемге танымал ғалымдар математика ғылымына қатысты қызықты баяндамалар жасап, ал мәжілістің үшінші отырысы халықаралық конференцияның салтанатты жабылу рәсіміне арналды. Конференцияға Қытай, АҚШ, Ресей, Италия, Вьетнам секілді іргелі 14 мемлекеттің өкілдері қатысып, бас қосудың қызықты өтуіне ұйытқы болып, білгендерін ортаға салып, өзара тәжірибе алмасты.

- Біздің ғалымдарымыздың білім деңгейлері шетелдік атакты ғалымдардан ешқандай кем емес екен. Шетелдік ғалымдар біздегі математика ғылымының деңгейі жоғары дәрежеде екендігіне көздері жетіп, олар бізді мойындады. Математика саласында біздің ғалымдармен бірлесе жұмыс істеуге, тәжірибе алмасуға ынта білдірді. Олардың бізден бір артықшылығы болса, ол - техникалық мүмкіншіліктерінің жоғарылығында, - дейді халықаралық конференцияның жоғары деңгейде өтуіне аянбай ат салысып жүрген, ұйымдастыру орталығы басшыларының бірі, механика және математика факультетінің деканы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Шалтай Смағұлұлы Смағұлов. Қалай дегенмен де, осынау халықаралық конференция қазақстандық математика ғылымының дамуына, өрлеуіне өзіндік үлес қосар тың бастамалардың бірі болып қалары анық.  
Өз тілшімізден

Магистратура

Кредиттік технология - кәсіби білім алу кепілі

22-25 тамыз аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстандағы магистратуралық білім беретін жоғары оқу орындарында кредиттік технология бойынша оқытуға көшу жөнінде бас қосуы болып өтті.

Республикамыздағы жоғары кәсіби білім беруді реформалаудың алдында тұрған маңызды міндет - Халықаралық құқық заңдылықтарын сақтай отырып әлемдік білім беру кеңістігін интеграциялау болып тұр. Осы жылғы 17-19 маусым аралығында Душанбе қаласында өткен Евразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық комитетіндегі ғылыми атақ жөніндегі құжаттардың тең дәрежелілігі және өзара түсіністік Кеңесінің V

мәжілісінде де осы мәселелер қаралған еді. Кредиттік технологияны енгізудің маңыздылығы мынада - альтернативтік курстарды жетілдіру өркімнің өз қалауы бойынша жүзеге асырылатындығы болып табылады. Магистрлерді осы технология бойынша дайындау мынадай мәселелерді қамтамасыз етпек. Біздегі жоғары ғылыми-педагогикалық білім орындарынан магистрлікті тәмамдағаны жөніндегі

құжатты әлемдік университеттер қоғамдастығы мойындайтын болады. Біздің магистранттарға шетелдердегі университеттік дәрежедегі білім беретін оқу орындарының кез-келгеніне жол ашық. Әлемнің кез-келген елінде жұмысқа орналасуға мүмкіндігі бар. Қызмет берушінің қойған талабына магистратура түлектерінің кәсіби біліктілігі сәйкес келе алады.

Бүгінгі уақытта еліміздегі жоғары оқу орындарының магистратура бөлімі түгелдей жаңа технология бойынша білім беруге көшірілген. Олардың нормативтік құқықтық және оқу-әдістемелік базалары жасақталған.

Өз тілшімізден





Мәңгі жазу

Мерзімді баспасөз бетінде ауық-ауық көтеріліп, дамыл-дамыл пікірталас туғызып отырған келелі мәселе – қазақ әліпбиінің болашағы...

ӘЛІПБИ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КЕЛБЕТІ

Алайда осы салада зерттеу еңбек жазып, бар саналы өмірін сарп етіп жүрген бірсыпыра ғалымдардың қазақ әліпбиі тарихының ащы бабынан әлі күнге шейін тиісті қорытынды шығара алмауы өкінішті-ақ...

әлеуметтің көңіл ауанын түгел жаңа жазу үлгісін шұғыл игеруді желеу етіп, рухани хауостқа айналдыру. Нарық экономикасы жағдайында күн көрісін күйттеген қарапайым жұртшылық латын әліпбиін үйреніп, қайтадан сауат ашуға уақыт та...



Аманқос МЕКТЕП-ТЕГІ, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

графикалық артықшылығы жоқ. Кезінде патшалы Ресей қол астына қараған халықтардың хат мәдениетін кирилл әліпбиіне көшіруге бар күшін салып баққан еді. Империяның бұл көздеген мүддесін кеңес өкіметі орнаған соң...

ІҢКӨР СЕЗІМ

СОҒҒЫ ТАМШЫ

Өзіңмен-өзің оңаша қалғанда, ұйықтай алмай дөңбекшіп жатқанда, көшеден қол ұстасқан, күшақтасқан қыз-жігіттерді көргенде осылай десем-ау деген қымбат сөздер – аяулыға ғана арналар жүректің әрбір лүпілінен жаралған ыстық сөздер – санаңда дүниеге келіп, қиялыңдағы елеске, иә, мәңгі қасыңда жүреп бір сүйкімді елеске сыр болып айтылып жатады да қолыңа қалам алып, осынау әдемі сәтті ұстап қалуға үмтылсаң, жел қуған қаңбақтай мазақтай қашып, базардағы әр асылды қызықтаған қайыршыдай сол тәтті сәттерге қол жеткізе алмай, көңіліңдегі көрікті ойды мөлдіретіп ұсына алмай айлы түнде, айсыз түнде де, күндіз де, кез-келген минутта қиналып отырсың, жалғыз.

Ал, алда-жалда көңіліңнің төріне қастерлеп ілген қадірлің осы-ау деген бір жан кездесе қалса, сөз – бәрін, бәрін жеткізіп бере алады деген сөз – сезімді суреттеуге келгенде үшбұтталған аттай кібіртіктеп, жанар болып жәудіреп, тура қарай алмай тайсақтайды екен; асау қан тамырыңда толқындай ойнал, тулабой болып нәзік дірілдейді екен; көре алатын көз болса осынысымен-ақ айтапайын үнсіз жеткізеді екен; дүниедегі ең бір есте қалар баянды күндер әркімнің де басынан өтуі мүмкін көзсіз ғашықтық болып, көңіл түкпірінен орын алады екен; осылай әр кеудеде бүршік жарған от сезім ұлғайған сайын, ғұмыры ұзарған сайын айналасына деген мейірімі, жақсылығы молайып, адамдар бір-бірін жақсы көре түседі екен; тіпті, бірі үшін бірі құрбан болғандар да айналдына аяушылық, қимаушылық ұрығын сеуіп мына жалғанда жамандық пен қатігездік азая береді екен.

Бірақ шала ұйқы бозбала да, көз жасы даяр бойжеткен де аңсаған, алыстан іздеген ақ арман ойда ғана төрт аяғын тең басып, зарықтырады екен де қиялыңда туған кемшіліктің, келісті мүсін қиялыңда көз жұмып, сенгің келмей қарайласаң да, ондайдың тек ойда ғана өмір сүретінін мойындатып барып, балалық болып алыстан қол бұлғайды екен. Бұрылып қайта бара алмай, шексіз сағынышыңды арқапал бозбала сен де, бойжеткен де – пенде мен пенде көз ұстасып үш күн тірліктің теңізіне батып кете бересің. Сөйтіп бәрі көмескі тартып, әке болып мал тауып жүргенде, ана болып ұй сыпырғанда, күйбеңдеп жүріп талай жасқа келгенде, бір кездегі алтын уақыттардағы сұлу көріністерді он алтыдағы қызың немесе он сегіздегі ұлын айныптай қайталаса, жаратай тыңырыңың: “Сол дәз болып па?” – деген ойға келесің. Кезінде өзің аңсаған, қазір ұл-қызыңның мазасын алған мазаң сезім бар болса – кітаптарға ғана тән, киноларда кездесетін, болмаса бұл үйде емес, әйтеуір бір алыста болатындай күй кешіп, жыбыр-жыбыр тауқымет тұншықтырып, құртып біткен сезімнің соңғы тамшысы сонда соңғы рет бір бұлк етіп, күн көру, баю керек деген жұмыр басың тәуелді лас ойдың астында еріксіз көз жұмады.

Кейбір, иә, кейбір ғана адамдар жағаға жете алмай, батып та кете алмай жанталасқан, жылаған, Күн астындағы Күнкіелерін – махаббатқа деген інкәр сезімін күзде мығына қонған, табанында тонған сары жылырақтарды кешіп, жазда қара жерді төсеніп алып жылдыздарға телміріп, қыста баяғыдағы аппақ, тап-таза сезімдеңді қардың баяу қонғанына терезеден қарап отырып, көктемде жылы жаңбырға жүзін жуғызып, батылы жетсе, көк құрақта жалаңаяқ шауып жүріп жұбатады, есіне алады, өлтіріп алмай әлдилеп жүреді.

Сонда ғана МАХАББАТ – “Махаббат жоқ” деп зар жылаған қыздың әрбір тамшы көз жасында, қақпаның түбінде терезеден түскен жарыққа шомылып, түн қатып отырған жігіттің үмітінде, сүйгенін мойындағысы келмей паңдана басып бара жатқан ерке қылықтың әр адымында, тым ұзаққа созылмаса да қысқалығымен-ақ құнды ғашықтардың қатар төгілген күлкісінде, өкпелеген арудың томпайған бетінде өмірін мәңгі жалғастыра береді. Метінше, сіздіңше де өмір осынысымен ғана тәтті.

Қанағат ӘБІЛҚАЙЫРҰЛЫ

Төлтума әліпбиден үлгілер:

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ “ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ” ГАЗЕТИ

Пікір



Ербол ӘБДІРАСИЛОВ, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Ұлтшыл болудың несі айып?

Ұлтшылдықтың бір кездері кім-кімді де елең еткізетін, кім-кімнің де төбе шашын тік тұрғызатын сөз болғаны ешкімге де жасырын емес. Бірақ сол ұлтшылдықтың қазір де қазақ атаулыға дөрекі естілетін сыңайы бар. Ашығын айтқанда, осы сөзді өзімізше жұмсартқан боламыз, “ұлтжанды” деп сыпайылаймыз. Мейлі-ақ, бұл сөздің де қолданысында еш сөкеттік жоқ. Мәдениетті-ақ болайық. Бірақ “ұлтшыл” деген сөздің өз таза қазақ тіліндегі мағынасына мән беріп қарасаңыз, ұлтшыл болудың арғы жағында өз ұлтын сую, ұлтын жақсы көру деген мағына жатқан жоқ па? Оның несі айып.

ретте бұл сөзді қолданып, қазақтың ұлттық идеологиясының ықпалына айналдырмауымыздың не жөні бар?

Байқап қарасаңыз, қазақ ұлтының өкілдер өлі де болса көп жерлерде өзге ұлт өкілдерінің басымдық көрсеткен қылығына шыдап тұрады. Бұл шындық. Бірақ солардың бізден несі артық, біздің олардан неміз кем деген сияқты сауалдар туындамайды-ау көп жағдайда бізде. Әрине, соншалықты өзгелермен ерегес туғызудың қажеті жоқ. Ұлтшыл болу дегеніміз өзге ұлтты жек көру, өзгелермен қырғын-төбелес жасап жүру, айтысып-тартысу деген сөз емес. Ұлт мүддесін қорғап, ұлтқа қызмет етудің де өзіндік мәдениетті түрде жүргізілетін тактикасы, психологиялық басымдық көрсетіп, өз-өзімізді саналы түрде мойындату сияқты өдістері бар. Ұлтшыл болу, керісінше, өзгенің алдында өзіндік биік көрсету, өрі өзгені де сыйлау деген сөз емес пе? Оның негізгі тірегі – түсіністік екенін айту керек. Әсіресе, қазіргі заманда түсіністікке жететін ешнәрсе жоқ. Дегенмен, 300 жылдан астам үстемдік еткен отаршылдық саясатқа бой ұйретіп алғанымызға таңданамыз да, өкінесің де. Кешегі жауынгер елдің ұрпақтары бүгінде момын, қой аузынан жуас елге айналған. Оны кейбіреулер қазақтар

қойдың етін жейді, сондықтан момын деп те өзін-шыны аралас әңгімелер айтатын көрінеді. Не дерсің ондайға?

Бұл айтылғандар күнделікті күйбең тіршіліктен қылаң беретін көріністер, солардың айналасы жөніндегі бірер сөз ғана. Ең бастысы – ұлтшылдықтың одан да үлкен әрекеттерге негіз болатын қасиет екендігінде. Ұлтшылдық отаншылдыққа итермелейтін бірден-бір күш. Бұл қасиет – ұлт мүддесі жолында қызмет ететін қасиет. Ол қандай іс болсын айқайлап-даурықпайтын үнсіз саяси әрекет болуға тиіс. Әйтпесе, ресейлік кинолардағыдай “Ресей тек орыстарға” деген сияқты тым өркөкірек ұстанымның, ел назарына ілігетін айқау-шу әрекеттің қажеті шамалы бізге. Сондықтан қазіргі елдердегідей болып жатқан даурықпа тірліктерден гөрі үніз саналы әрекет, пайдалы іс-қимыл қажет екендігін өрбір жасқа түсіндіруіміз қажет сияқты. Өкіметіміз бен Елбасымыздың ұстанып отырған саясатының өзі астарлап қарасақ осыған саяды.

Осы тұрғыдан адамгершілік тәрбиесімен қоса, ұлт мүддесі жолындағы ұлтшылдық қасиеттерді, оның қандай стратегиялармен жүзеге асырылатындығын түсіндіруді, өрі өзге ұлт өкілдерін өзімізді сыйлататындай етіп тәрбиелеуді оқу-тәрбие процесінде ұстанғанымыз жөн болар еді. Бұл өрі мемлекеттің болашағы жолында тиімді әрекет, болашақ тұтқасын ұстайтын жастар санасында қалыптасатын дұрыс түсінік болмақ.

Бір сөзбен айтқанда, ұлтшылдық жөніндегі түсінікті дөрекі қабылдаудың жөні жоқ сияқты. Қайта кешегі арманда кеткен ағаларға іні боларлық ұрпақ тәрбиелеу ел болашағы үшін қажет. Өзге елдер алдындағы позициямызды жібермей, ұтылмай, оны қайта нығайта түсу үшін де бізге осындай мамандар дайындау керек.







Международные  
контакты

ЛЕКЦИЯ  
ВЫСОКОГО ГОСТЯ

5 сентября нынешнего года на факультете международных отношений КазНУ имени аль-Фараби состоялась лекция Ректора Высшего института юриспруденции Королевства Саудовская Аравия доктора Зейд бин Абдель Карим аль-Зейда.

Высокий гость посетил наш Университет в рамках визита в Казахстан делегации Министерства юстиции Саудовской Аравии. Он выступил перед студентами и магистрантами отделения "Международное право" с лекцией, посвященной теме наказаний, существующих в исламском праве.

Профессор аль-Зейд в простой и доступной форме, импонирующей слушателям, в течение небольшого промежутка времени сумел донести до студенческой аудитории основные особенности института наказаний в исламе. В частности, особое внимание было обращено на социальную роль, предназначение и принцип неотвратимости наказаний в мусульманском праве. Действительно, согласно основным положениям его лекции, на неотвратимость наказаний в исламе определяющее влияние оказывает не размер нанесенного ущерба или вреда, а его социальная опасность.

Кроме того, лектор сделал акцент на гуманности института наказаний в исламе. Так, несмотря на достаточно жесткий характер самих мер наказания в мусульманском праве, выражающемся в допустимости телесных наказаний, а также широком применении членовредительских наказаний, во многих случаях они не применяются, и зависит это, в первую очередь, от желания пострадавшей стороны. В то же время жесткий характер наказаний имеет профилактический характер и смягчается нравственными установками религии ислама.

Доктору аль-Зейду поступило много вопросов от студенческой аудитории, в том числе и на арабском языке, на которые он дал четкие ответы. Например, на вопрос о правах мужчин и женщин в исламе профессор привел положения шариата, которые отдают безусловное предпочтение женщине-матери перед любыми категориями мужчин. Особое уважение к женщине, по словам доктора аль-Зейда, содержится и в нормах, которые закрепляют положение о том, что перед человеком, имеющим двоих дочерей, открыты двери в рай, в то время как данное правило не касается количества сыновей.

Лектор ответил и на множество других вопросов. К концу лекции чувствовалось, что отведенного времени было недостаточно для студентов, у которых был пробужден интерес к проблемам мусульманского права.

**С.Ж. АЙДАРБАЕВ,**  
заведующий кафедрой  
международного права, к.ю.н., доцент

Внимание!

Конкурс на лучшую публикацию,  
посвященную Году здоровья

Профсоюз "Парасат" объявляет конкурс на лучшую публикацию, посвященную Году здоровья. На страницах "Казак университеті" вы можете рассказать о том, как на вашем факультете проводятся оздоровительные мероприятия, как ваше подразделение участвует в физкультурном движении и спортивных соревнованиях, что делается для улучшения условий труда и какие шаги еще необходимо предпринять. Здоровье объявлено одним из долгосрочных приоритетов государства, здоровая нация — залог развития и процветания страны. Вузовские коллективы, откуда начинается дорога во взрослую жизнь большинства молодежи, должны подавать пример своим воспитанникам. Популяризация в СМИ здорового образа жизни, мероприятий в его рамках — одна из важных задач.

Для победителей конкурса установлены следующие премии:  
1 место — 3 тысячи тенге  
2 место — 2 тысячи тенге  
3 место — 1 тысяча тенге

Статьи на конкурс принимаются до конца года. Подведение итогов и награждение — в конце января 2003 года.

Телефон для справок: 47-05-55.

Летний отдых

Наш университет имеет уникальные возможности для организации полноценного отдыха студентов и сотрудников. За многолетний период существования спортивно-оздоровительный лагерь стал традиционным местом, куда разные поколения нашего коллектива едут провести время и поправить свое здоровье. Даже в сложных рыночных условиях руководство КазНУ при поддержке профсоюзов делает все, чтобы лагерь функционировал полноценно, развивался и был доступен всем желающим.

Университетский лагерь  
расширяет свои возможности

О летнем сезоне-2002 рассказывает директор СОЛ КазНУ им. аль-Фараби Талгат НУРЖАНОВ.

За последнее время, с введением нового корпуса, вместимость нашей главной базы отдыха увеличилась и составляет 580 мест. Из них — 330 мест в благоустроенном здании и 250 в коттеджах. Нынешним летом смогли отдохнуть и поправить свое здоровье около 1,5 тысяч человек.

— Талгат Булатович, а как улучшается материально-техническая база лагеря?

— Следует обязательно подчеркнуть, что условия отдыха постоянно улучшаются. Конечно, в рамках тех средств, которые может потратить наш университет. В этом году, готовясь к открытию, мы провели косметический ремонт во всех жилых помещениях, продолжилась работа по благоустройству территории. На фасаде главного корпуса установлена светящаяся реклама, которая видна издали. Она стала своеобразным символом и маяком вузовской базы отдыха.

К услугам отдыхающих нынче были реконструирована танцплощадка, спортплощадка и инвентарь, бильярдная, в большом количестве — компьютерные игры, работали сауна, кафе, парикмахерская, массажист, на пляже — катамараны и скутеры.

Обязательно стоит подчеркнуть, что наконец завершено ограждение территории, запущены лифты в главном корпусе, доукомплектованы мебелью номера.

— Насколько доступен отдых нашим сотрудникам и студентам?

— По мнению самих же отдыхающих, цены в СОЛ КазНУ не бьют по карману и вполне доступны всем. Кроме того, особо нуждающихся университет поддержал путевками по льготной цене. Если сравнивать цены с другими пансионатами, то они у нас, как минимум, на порядок выше. А условия отдыха ничем не хуже, чем у остальных. Мы можем сказать, что благодаря сочетанию приемлемой цены и уровню комфорта в желающих отдохнуть именно в нашем лагере нет недостатка.

— Все положительные изменения, наверное, не были бы возможны без помощи руководства КазНУ?

— Естественно, без постоянного внимания со стороны администрации университета не произошло бы тех положительных изменений, которые сегодня есть. Особо стоит подчеркнуть выделение финансирования в необходимом объеме, который позволяет создавать все необходимые условия для полноценного отдыха.

Кроме того профсоюзными организациями "Парасат" и "Сункар" были выделены льготные путевки как для преподавателей, так и для сотрудников. А для разнообразия досуга мы смогли получить деньги на призовой фонд для различных мероприятий, пополнили книгами библиотеку СОЛ.

— Талгат Булатович, можно поподробнее сказать о культурно-массовой работе?



— Штат квалифицированных сотрудников старался сделать все возможное, чтобы никто не скучал и мог найти занятие по душе. Среди спортивных состязаний — дни бегуна, прыгуна, турниры по волейболу, футболу, баскетболу, настольному теннису. Вместе с родителями у нас отдыхали и дети сотрудников, которых мы тоже не могли обойти вниманием, для них организовывались специальные конкурсы и дополнительные мероприятия по оздоровлению — силами сотрудников кафедры физического воспитания. С выдумкой и фантазией проводился день Нептуна, а вечером ежедневно проходили дискотеки.

— Как директор лагеря, вы постоянно общались с отдыхающими. Каково их мнение о качестве работы лагеря?

— В большинстве своем все, кто воспользовался услугами нашего лагеря в этом году, были единодушны во мнении, что условия за последнее время значительно улучшились. Но необходимо развиваться и дальше. В частности, были предложения по дальнейшему развитию базы отдыха. Среди них — строительство кафе-баров, пирса, конференц-зала, увеличению количества номеров повышенной комфортности, дальнейшего благоустройства территории. Надеемся, все эти рекомендации найдут понимание и поддержку у администрации университета, профсоюзных организаций.

Спортивно-оздоровительный лагерь университета, надеемся, в будущем будет развиваться, давая уникальную возможность коллективу университета для полноценного отдыха, улучшения здоровья.

Знай свои права



Даулет РЫСКАЛИЕВ, юрист профсоюза "Парасат", ст. преподаватель кафедры трудового права и гражданского процесса

DURA LEX, SED LEX

(Закон суров, но это закон)

С этого номера наша газета начинает публиковать ответы на вопросы, с которыми наиболее часто обращаются сотрудники университета к юристу профсоюза "Парасат".

Если работником в данной организации расчетный период отработан не полностью, средний дневной заработок определяется из фактического заработка и фактически отработанных рабочих дней за время работы с первого дня болезни.

При назначении и выплате социальных пособий следует руководствоваться Инструкцией "О порядке назначений и выплаты пособий по социальному обеспечению за счет средств работодателя", утвержденной Постановлением Правительства РК от 11.06.1999г. №731.

Размер месячного пособия по временной нетрудоспособности не превышает 10-ти кратной величины месячного расчетного показателя (м.р.п. 823 тенге).

Если же временная нетрудоспособность связана с трудовым увечьем или профзаболеванием, то пособие выплачивается в размере 100% средней заработной платы с 1-го дня наступления нетрудоспособности до выхода на работу или установления инвалидности.

3. Каков порядок оформления декретного отпуска?

В соответствии со ст. 66 Закона "О труде" женщинам предоставляется отпуск по беременности и родам продолжительностью 70 календарных дней до родов и 56 (в случае осложненных родов или рождения двух и более детей — 70) календарных дней после родов.

Исчисление дней в отпуске производится суммарно и предоставляется полностью, независимо от числа дней фактически отработанных до родов.

Женщине (мужчине), усыновившей или удочерившей новорожденных детей непосредственно из родильного дома, предоставляется (одному из родителей) отпуск за период со дня усыновления или удочерения и до истечения 56 дней со дня рождения ребенка, с выплатой им в этот период пособия по беременности и родам. Кроме отпусков по беременности и родам, женщине по ее заявлению предоставляется дополнительный отпуск по уходу за ребенком до достижения им возраста полутора лет. При этом Закон "О труде" не обязывает работодателя сохранять заработную плату работника за этот период. Вопрос сохранения заработной платы может быть предусмотрен трудовым и коллективным договорами.

являются 12 календарных месяцев) на количество рабочих дней соответственно по календарю пятидневной или шестидневной рабочей недели.

Пример: Работник временно нетрудоспособен с 1 марта 2001 года.

Расчетным периодом для исчисления пособий по временной нетрудоспособности являются 12 календарных месяцев (с 1-го до 1 числа), предшествующих дню заболевания.

В нашем примере у работника расчетный период отработан полностью (12 календарных месяцев). Выбираем заработную плату и количество рабочих дней за фактически отработанное время, т.е. за период с 1 февраля 2001 года по 1 марта 2000 года.

Период		Фактическая заработная плата (тенге)	Количество рабочих дней
2001г.	2000г.		
Февраль Январь		25300	21
		25300	20
		25300	21
		25300	22
		25300	22
		25300	20
		25300	22
		25300	22
		25300	21
		25300	21
		25300	21
		Итого	303600

Путем деления суммы фактической заработной платы в расчетном периоде на количество фактически отработанных рабочих дней определяем среднюю дневную заработную плату. В нашем примере средний дневной заработок составляет 1200 тенге (303 600 тенге : 253 дня). Следовательно, размер дневного пособия всегда соответствует размеру среднего дневного заработка.





Сәндібек ЖУБАНИЯЗОВ:

## Туған ауыл - тұнық көк, шалқар дала, Бар құмарың басылар барсаң ғана



### ТӘУЕЛСІЗДІК

Баба арманы боп жеткен осы кезде  
Бар қандастың іркілді жасы көзде.  
Жауларынан биіктеп мәртебесі  
Дәл жанынан табылды досы лезде.

Қасіретін қазақтың құдай ұқты,  
Құдай ұқса, әрине, шынайы ұқты.  
Тәуелсіздік орнады сәтімнен  
Қазақстан халқына лайықты.

Бодан елге бостандық - мұзарт арман,  
Көкжиекке көңілін ұзарта алған.  
Тәуелсіздік тойына көрік қосты  
Ұл - тұлпарын баптаған, Қыз - өн салған.

Қазақ солай тілегін тауға жалғап,  
Қыр көрсетті дұшпанға жаулап алмақ.  
Ұлдың озса тұлпары, қыздың өні,  
Бастан мәңгі көшпейді онда ол бақ.

\*\*\*  
Сыйласқан жөн тірлікте, - деп тұжырып,  
Бір ұғымның дәмін татқам. Тұзы нық.  
Бұжыр мойын ұғымына кез болып,  
Тұзу ұғым сала берді бұзылып.

Жаңалық та емес еді бұл анық,  
Жамандық та еместігін ұғалық.  
Төмендемес адам, - деген ойда едім,  
Төбесіне бұл ұғымды шығарып.

Рас, мұны - дейтін болсам, - бал-шекер,  
Төзімі - шар табан асты тарс етер.  
Сонша сызат түсері хақ жүрекке  
Тағдырыңа тура келсе қанша есер.

Осы ұғымды серік етіп күнбе-күн,  
Бірге ұйықтап, ояңғанда бірге тұр.  
Тіл табыспай, - төртке бөліп ұйқыңды,  
Жүрегіңді өртке бөлеп жүрмесін.

\*\*\*  
Балалық шақ - тұнық Көк, шалқар Дала,  
Құдіретіңе қараймын аң-таң қала.  
Қырды кезіп кетуші ек, ай-хой, дөурен,  
Бір ойлаған арманды қайта ойлаумен.  
Бара қалсам ауылға - бірге болам,  
Қайтар кезде ермейсің мүлде маған.  
Сені алып қап, онысы мені өртеген,  
Ұзамай-ақ қойдың-ау сол өлкеден.  
Тұнығыңды аңсаймын енді ұзақтан,  
Бұл жақ менен мін тауып, - мен бұ жақтан,  
Тіл табыспай діліммен дүйім маңай  
Қайтып кеткім келеді кейін қарай.

Туған ауыл - тұнық көк, шалқар дала,  
Бар құмарың басылар барсаң ғана.  
Жетсем деймін өзіне өліп-өшіп,  
Кері ағысын тағдырдың кері кешіп.  
Жабырқасам осылай еске алам мен,  
Жарым көңіл жұбансын басқа немен?..

\*\*\*  
Бұла бейне - өрі көктем, өрі - гүл,  
Төтті түстің өңге айналған шағы бұл.  
Ойша тағы әсемдейсің содан соң,  
Содан кейін төгіледі тағы жыр.

Асқақ дейсің, аппақ дейсің ол да бір,  
Алданудан ғана жолы болмағыр.  
Дегеніне көне кеткің келеді  
Денеге жан керек етсең, жанға - жыр.

Сезім - төтті, арман - алыс, жол - қиын.  
Саған қарап мен де іштей толқын.  
Дұрыс ұғам - тағдырыңды тідесең  
Салқын леп сыйлап кетіп сол күйің.

Жүрегіңнің ұрлатып ап сезімін  
Жүдер шаққа дәл осындай  
Тез ұрын.  
Осал тұсым жоқ демесін ұры да,  
Мейлі, өйтпесе, ары білсін өзінің.

Ең әуелі сүю - сенің міндетің,  
Сүйдірем деп жалғасады күнге түн.  
Мен де сөйткем,  
Содан бері тұтқынмын  
Мекендеген махаббаттың түрмесін.



Төлеген ЖАМАНОВ,  
тарих факультетінің 2 курс  
магистранты

### ҚАЛАМ

Ғасырдың ізі қауырсын қалам,  
Дәуірдің жеткіз дауысын маған.  
Сергелдең сәтте серік қып сені,  
Шерменде мұнды ауырсынбағам.

Шарықтап ұшса шағала өлең,  
Аспаннан самғау табала ма екен.  
Өзіңмен ғана жеткіздім ыстық  
Сағынышымды анама деген.

Сағым боп алдан, саруыз арман,  
Қызғалдақ көңіл қауызын жарған.  
Түп-тұнық сезім құйылды іштен,  
Ақ кептер хаттар ару қыз алған.

Жүректен шыққан бозбінген үні,  
Солғанда сол бір сезімнің күні.  
Өлеңмен салып өмірге өрнек,  
Қоштасам семен көз ілген күні.

### БАЛАУСА ҚЫЗ...

Балауса қыз, сен мені таныдың ба,  
Таныдың ба кездестік тағы мұнда.  
Қызғаныш та ақтайды өзін-өзі,  
Бар сияқты мен үшін бәрі мұнда.

Балауса қыз, мен саған көп қарадым,  
Көп қарадым, бірақ сен тоқтамадың.  
Содан бері санамды сезім билеп,  
Өзім де өзгергендей боп барамын.

Балауса қыз, сен мені білесің бе?  
Маған бітер бақытта үлесің не?  
Беймезгілде өзіңе өлең жазсам  
Айналың ғой сен мені түгесуге.

Балауса қыз сен маған сенесің бе?  
Сенесің бе, сырлымды сезесің бе?  
Түнгі аспанмен тілдесіп таң атырам,  
Үн қатардай тұрасың сен есімде.

Балауса қыз, мен саған не демекпін,  
Не демекпін, сөзімді елемек кім.  
Сені ойлаумен осылай өтіп жатыр,  
Көз алдымда көлбеңдеп көбелек күн.

Балауса қыз, балауса, балауса қыз,  
Амал нешік, көңілге жамалса күз.  
Сезім қашан ту болып желбірейді,  
Ал қазір ше... қазір біз жалаушамыз.

### ҚОҢЫР КҮЙ

*Ержан Есіркепұлына*

Қоңыр күй - жеткен даламның жыры.  
Қоңыр күй - шерткен заманның қылы.  
Қоңыр күй - төккен анамның нұры  
Қоңыр күй - өткен бабамның сыры.

Қоңыр күй - тартқан абыздар үні,  
Қорқыттан қалған қобыздан үні.  
Қарқындап ұшқан қона алмай жерге,  
Қанқылдап салған қоңыр қаз үні.

Қоңыр күй солай - өмірдің күйі,  
Қаным қүйған Тәңірдің сыйы.  
Қоңыраулаған қоңыр дауысы  
Қақпасын ашқан жанымның жиі.

Қоңыр күй - менмін сырласың сенің,  
Қоңыр күй төгіл, тыңдасын елің.  
Қоңыр мұңымды қозғасын тағы,  
Қоңыр күй тартшы, құрдасым менің...

### МЕН СЕНІ...

Мен сені сүйген едім, сүйіп едім,  
Сен менің баға жетпес сыйым едің.  
Басымды алдында да иіп едім,  
Иілмедің, сен неткен биік едің.

Мен сені ұнатып ем, ұнатып ем,  
Жұлдызымдай жоғары тұратын ең.  
Мен сені тұғырыма көтергенмен,  
Сен бірақ талай мені құлатып ең.

Мен сені жақсы көрдім, жақсы көрдім,  
Жанарымнан үзілген жасты көрдің.  
Сонда да үндеместен кете бардың,  
Осынша болар ма еді тас жүрегің...

### Студенттік шақ - бесінші маусым

Автобустан түсе салысымен жер асты  
жолымен жүруге уақытымды аяп көлік біткенді  
шулатып жолдың қарсы бетіне өттім.  
Қалбалақтап ұшып келемін. Әдеміше қыздан  
сағат сұрап едім: "Без двадцати девять," - деп  
жауап қайтарды. Яғни он минутқа кешігіпмін.  
Есікті қағып: "Ағай, кіруге бола ма?" - дедім.  
Қашанда күліп сөйлейтін сүйкімді ағай: "Кіріп  
қойдың ғой, отыр", - деді. Бір өзі бес пәнінің жүгін  
көтеріп жүрген дәптерімнің осы пөнге қатысты  
парағына тақырыпты жазып қойып, күндегі әдет  
бойынша айналама барлай қарадым.

Алдыңғы парталарға жайғасқан Аяужан  
мен Гүлвира бастаған, Әсемгүл қоштаған  
төртпітілер тобы ағайдың бір сөзін де қалт  
жібермей қағазға қондыруда. Екі Нұрлан мен  
Әділ бастаған топ ағайға көз алмай қарап,  
қатып тындап отыр. Олар керекті өлебиеттер  
тізімінен басқасын жазбайды. Жадылары  
мықты. Сабақтың жартысынан асқанда бөрінің  
ойлары қаңғып кетті. Әр түрлі қимылдарға



Бейбіт САРЫБАЙ,  
ҚазҰУ-дың 3 курс  
студенті

көшті. Әсел бір парақты жыртып ала салып  
әскердегі жігітіне хат жазуға кірісті. Дүниедегі  
ең асыл сөздерді іздестірді. Динара сумкасынан  
айнасын алып дәптерімен қалқалады. Айнадағы  
сүйкімді бейнесіне аса  
ынтызарлықпен, ерекше ризалықпен сүйсіне  
қарай қалды. Осы мезетте ол өзін-өзі  
кереметтей жақсы көріп кетті. Әдемі қып  
жаратқан гөңіріне тәуба деі. Меруерт: "Мұрат  
(жігіті) қашан айлығың алар екен.  
Французский туалетная вода алдырсам болар  
еді" - деп ойлап отыр. Пәрәнжі жамылған екі  
кыз о дүниедегі нұрлы жұмақ жайында  
оптимистік қиялға беріліп отыр. Арман болса  
онсыз да тап-таза туфлин бесінші рет сүртіп,  
онсыз да әдемі шашын алтыншы рет тарап  
қойды. Әдеті ғой... Староста Әсел сабақ біте  
салысымен Мэлсті шап бергені отыр. Студенттік  
билетке 50 теңге бермеген сол ғана  
қалыпты. Ермек: "Ауылдан ақша келсе,



БІЗ

## БАҚЫТТЫ ЕКЕНБІЗ

Ұлжанды кафеге апару керек пе, жоқ, өлде  
барахалкаға бару керек пе?" деп екіүшты  
ойдың жетегінде басы қатуда. Алуа болса:  
"Мамам директор болып тағайындалды ма  
екен? Неге звонить етпей жатыр?" деп  
назданып өуре. Айнұр таңертең асығып жүріп  
магнитофонын өшірмей кеткенін есіне алып,  
басбармағын шайнап отыр. Әсел "Алуаға бере  
салшы" деп хат берді. Күнә болса да,  
қызығушылықпен жібермей хатқа көз жүгіртіп  
өтті. "Кедендік" қызмет қой, тексермесе  
болмайды. Хатқа "Алуа, привет! КВН болады  
екен, барамыз ба?" деп жазыпты. Алуаның  
жауабын да бір қарап шықты. "Ауылдан ақша  
келмеді. Бара алмаймын" депті. Анау Дамира  
газет тапсырмасы бойынша айналасына  
сауалнама жүргізіп отыр. Жұпар бүгін тағы  
асықпай қайтады. Бірінші барса тамақ жасау  
керек. Ал, әкпесінен кейін барса дайын асқа  
тік қасық бола салады.

О-о! Шуласып бөрі де жинала бастады.  
Үзіліс те болды. Арман туфли сүртіп, шаш  
тараған еңбегін ақтамақ болып, әл-Фараби  
бабасының бюстінің жанына тұра қалды.  
Қаққан қазықтай қаздып тұрған оған залдағы  
қаптаған қыздардың бірі де көңіл бөлмеді-ау.  
Ызаланып қалды. Мұнтаздай үстін қағып-  
қағып қойды да, кетіп қалды. Индира мен  
Жадыра күндегі әдеттерінен жаңылмай  
қолтықтасып алып асханаға қарай бет алды.  
Әжетхананың іші тұманды күндей күңгірт.  
Темекінің түтіні. Жарқынбек тағы да  
көрінгеннен темекі сұрап тұр. "Темекі берші"  
деп айтып үлгергенше, Мэлс "Жоқ!" деп  
үлгерді. "Сенде қашан болады?" деп ренжі  
қалды. Елдің бөріне осылай дейді. Бұның  
өзінде қашан болады екен? Нұрділдә  
Дарханнан костюмінің неше тұратынын сұрап  
та қойды. Темірбек жұма намаздан кешікпеу  
үшін алып-ұшып барады.

\*\*\*  
Күн шуағын барынша төгіп тұр. Дәл  
төбесіне қарасаң, басыңдағы қалпағыңды  
түсірерлік биіктігі бар ректораттың алдындағы  
кереметтей архитектуралық жетістікпен  
жасалынған алаңқайда құдды бір мереке болып  
жатқандай... Бір де бір студенттің қайтқысы  
келмейді. Сөкілердің бәріне жайғасқан. Кең  
аллеяның бойымен арлы-берлі қыдырыстап  
жүргендер де жетерлік. Бөрінің жүзі жарқын,  
қай-қайсының да езуінде күлкі. Кейбірінің  
қолында қатпарлы самса. Оқу залдары да бос  
емес. Ол жерде көбіне-көп бірінші курстар отыр.  
Берісі Алматы бойынша, арысы Қазақстан  
бойынша қаншама университет бар.  
Академиялар да қаптады. Соның бір де біреуі  
қарт ҚазҰУ-мен ықтаса алмайды-ау. ҚазҰУ  
біздің мақтаншымыз. Бұл оқу орны барлық  
жастардың ізгі арманы. Киелі қара шаңырақтың  
қадірі күннен күнге артпаса, кемімейді. ҚазҰУ  
жастықтың, бақытты жастардың алтын  
ордасы. Сүйкімді қалашығы.

\*\*\*  
Мектепте оқып жүргенде студент болуды  
армандай бастағанда-ақ бізді ҚазҰУ-дың елесті  
қол бұлғап шақыра бастаған. Алдына мақсат  
қойған сыныптастарымыз тең жарымы осы  
университетке келіп кірді. Алақандай ауылдың  
балаларының ұеымында бұдан артық білім ордасы  
жоқ. Тек көрпелеріне қарай көсілгендіктен ғана  
басқа жаққа бұрылады-ау, өйтпесе...

\*\*\*  
Таңертеңгісін бір апайымыз кішкентай  
бүлдіршінін жетектеп университет алдынан  
өтіп барады. Бейкүнә періште қызыға қарап  
бара жатып: "Мама, бұл жерде оқитындардың  
бәрі де бақытты шығар, иә" деді.  
Иә, біз бақытты екенбіз.





Шекараның арғы беті...

# ШЫҒЫСҚА кімдер барады?



Нұржамал АЛДАБЕК,  
доцент, т.ғ.к., шығыстану  
факультетінің деканы

Университетіміздегі шығыстану факультеті - студенттердің шығыс елдеріне шығып, олардың білімімен, өнері, мәдениетімен танысып, университет қабырғасында алған білімдерін одан әрі шыңдай түсуге мүмкіндік беретін факультет. Тіл үйреніп, шетелге шықсам деп арман арқалаған ауыл мен қала балаларының мектеп бітірісімен шығыстану факультетіне асығатындары сондықтан. Жыл сайын алғашқы курстарды тәмамдаған студенттер Қытай, Жапон, Корея, Иран елдерінде білімдерін жетілдіріп қайтады. Тілі мен тарихынан сырттай ғана таныс өзге елде, бөтен ортада болып келген жас шығыстанушылардың алатын әсерлері, түйген ойлары әр алуан. Шетте жүріп көрген-білгендеріне таңырқай да, тосырқай да қарағандарын жасырмайды. Ең бастысы - үйреніп жүрген тілдері арқылы шетелдіктермен еш кедергісіз тілдескендеріне дән риза. Ал шетелге кеткен әрбір студент үшін зор жауапкершілік жүгін арқалайтын факультет деканы, доцент Алдабек Нұржамал Әбдіразаққызына қойылатын сұрақтар ата-аналар тарапынан еш толастаған емес. Біз де сол көп сұрақтардың кейбірін факультет деканына қойған едік.

- Шетелге шығу мүмкіндігіне ие болу үшін шығыстану факультетінің студенті қандай талаптарды орындауы керек, жалпыға бірдей ережесі қандай?

- Шетелде тілдік тәжірибе алмасудан өткізу шығыстанушы маман даярлаудағы, оның сапасын арттырудағы өдіс. Тілдік ортада болып қайту факультетте алған білімдерін шыңдап, оны одан әрі жетілдіріп қайту үшін және менгерген тілдік білімін тексеріп, студент өзін білімді деп еркін сезінуі, өзіне сенімді болуы үшін өте қажет. Сонымен қатар Қытайдың, бірқатар басқа шығыс елдерінің Қазақстанға арнайы Білім министрліктері арқылы бөлетін орындары болып тұрады. Оған да біз тапсырыс түсе салысымен берілген

орындарға студенттерді ұсынамыз. Шетелдің оқу орындарына тәжірибе алмасуға жіберу үшін студент 1-2 курсты осында оқып, алғашқы қажетті бағдарламаны біліп баруы керек. Қарапайым сөзбен айтқанда, ең қажетті деген минимум-сөйлемдерді игеріп, түсінісе алуы қажет. Сол үшін шетелге жіберерде біз ең жақсы оқыған, алғашқы талап-тілектерге білімі сәйкес келетін студенттерді таңдап жібереміз. Осы уақытқа дейін жоғарыда аталған елдерге студенттер саны тілдік топтарда аздығын пайдаланып, тобымен жіберіп жүрдік. Енді тілдік топтарда студенттер саны жыл сайын көбейіп отырғанына орай (мысалы, қытай, корей топтары) тобымен емес, ең таңдаулы студенттерді білім көрсеткіштерін негізге алып,

кафедралардың кепілдеме беруімен факультеттің Ғылыми Кеңесінде талқылап барып, ұсынамыз.

- Бүгінгі күні студенттердің шетелге сапарын кім қаржыландырады? Жолға жұмсалатын материалдық шығын мөлшері студенттердің аяғына тұсау болып отырған жоқ па?

- Студенттерді шетелге тәжірибе алмасуға жіберуде барып-қайту жол шығынын студент өзі көтереді, ал ол жақтағы шығынды, яғни оқу ақысы, жатақхана, кейбір жағдайда стипендия төлеу мәселесін әріптес шетелдік оқу орны көтереді. Бұл жағдай тек университетіміздің жасасқан келісім шарттарының негізінде жүзеге асады. Ал шетелде білім алу барлық басқа жағдайда ақылы екенін, оны әркім өзі

көтеретінін білесіздер. Сондықтан шығыстанушы студенттердің шетелде тәжірибе алмасудан өтіп келе жатқаны тек университетіміздің көмек қолының арқасында мүмкін болып отыр. Соны әрбір студент түсініп, оның қадірін бағалай білуі керек. Ал шығынын ауырсынатын болса, онда ол студент бұндай мүмкіндікке ие бола алмайды.

...ең таңдаулы студенттерді білім көрсеткіштерін негізге алып, кафедралардың кепілдеме беруімен факультеттің Ғылыми Кеңесінде талқылап барып, ұсынамыз.

Өйткені шығыстанушылардың бәрін шетелде оқытып келуге ешқандай ақша сырттан университетке бөлінбейді.

- Бір жыл бойы жат жерде білім алған студенттің санасы әр түрлі психологиялық өзгерістерге ұшырап, біздің елде неге ондай емес деген сияқты ойлармен оралады. Осындай көңіл-күйдегі студенттің өз еліне, білім алатын ордасына қайтадан бейімделу жағы қалай?

- Әрине, шетелде білім алып қайтқан студенттің санасында, психологиясында аздап бір

өзгерістер болуы мүмкін. Ол уақытша ғана. Олар шетелден тілін жетілдіріп қайту үшін барды ғой, олар сол жағына өте риза. Ал тұрмыстағы, оқу жүйесіндегі өзгерістердің ерекшелігі барлық жерде бар. Осы күнге дейін күрт өзгеріп, бір нәрседен түңіліп, көңіл-күйі бұзылған студент кездескен жоқ.

- Қазір көптеген Шығыс елдерінде діни, террористік ұйымдар, топтар қанат жайып отырғаны белгілі. Қазақстандық студенттердің сондай топтардың шырмауына түсіп кетпеуіне кім кепілдік бере алады?

- Құдай сақтасын дейік. Әзірге ондай жаман хабардан аулақпыз. Шетелге шығатын студенттермен ең алдымен ұстаздары, кафедрасы өңгіме өткізіп, сөйлеседі. Ал мен декан ретінде, сондай-ақ, кетер алдында міндетті түрде өңгіме өткізіп, ақылмды айтып, тәртіпті түсіндіремін. Тәжірибе алмасуға барарда тапсырма алып кетеді, келген соң сол жұмыстарын орындағаны жөнінде кафедрада, факультеттің Ғылыми Кеңесінде есеп береді. Сондай-ақ, тәжірибе алмасу жөніндегі есепті университеттің Халықаралық қатынастар бөліміне де тапсырады. Ал шетелде оларды біздің елдің елшіліктері бақылауға алады. Қабылдаған университеттер де жауапкершілікпен қарап, тәртіп бұзған, ережеге бағынбағаны болса хабарлап отырады. Жамандықтан аулақ болу әрбір саналы студенттің өз міндеті, өзінің болашағы үшін қажет қасиет. Сондықтан маман боламын деген студент ең алдымен тілді меңгеру мүмкіндігінен басқаны ойламауы қажет.

Ғалия АҚСЕЙІТ,  
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

## Құлаққағыс

### Құрметті студенттер мен оқытушылар!

Университетте мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, оны насихаттау, дамыту бағытында I жарты жылдықта өткізілетін мәдени іс-шаралардың бірінші кезеңі 2002 жылдың 23-қыркүйегі мен 9-қарашасы аралығында университеттің барлық факультеттерінде өткізілетін қазақ тілі апталықтарынан бастау алып, екінші кезеңдегі жалпыуниверситеттік шаралармен жалғасын табады.

Сіздерді факультеттердегі қазақ тілі апталықтарына және 2002 жылдың 11-қарашасы мен 11-желтоқсаны аралығындағы "Мемлекеттік тіл — менің тілім!" айлығы аясында өткізілетін төмендегідей конкурстарға белсене қатысуға шақырамыз.

1. Мемлекеттік тілде көркем сөз оқу байқауы.
2. Университетте оқытылатын барлық тілдерден (орыс, ағылшын, неміс, француз, қытай, урду, түрік, парсы және т.б.) қазақ тіліне және кері аударма жасау конкурсы.
3. Мемлекеттік тілде жазылған ғылыми баяндамалар конкурсы (өзге ұлт өкілдері арасында).

Баяндама тақырыбы еркін. Студенттің өз мамандығына немесе басқа да салаларға қатысты (тіл, әдебиет, өнер, саясат, т.б.) жазылған баяндамалар қабылданады.

Аталған байқаулар қорытындысы үшінші кезеңде, "Менің Қазақстаным!" фестивалінің екінші күні, яғни, 12-желтоқсанда шығарылады. 22-қыркүйек — Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері мерекесінен басталып, I жарты жылдықта студенттер арасында өткізілген іс-шаралардың барлығы қорытындыланады. Конкурс жеңімпаздарына, белсене қатысқан жеке студенттерге жүлделі орындар беріліп, марапатталады.

Мемлекеттік тілді үйретуде, насихаттауда, ерекше көзге түскен оқытушылар мен мәдени іс-шаралар өткізуде белсенділік танытқан факультеттер үшін де ынталандыру шаралары қарастырылады.

Ұйымдастыру алқасы

Анықтама телефондары:  
11-39 — тілдерді дамыту бөлімі,  
11-34 — тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім.

өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1-курс студенттерінің қатысуымен 2002 жылдың 2-қазанында Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында «Мен - ҚазҰУ студентімін!» атты мерекелік бас қосу өтпек.

Келем деушілерге есік ашық.

Басталу уақыты:  
сағат 15.30



О. махаббат! Сегіз өріс, бір арман,  
О, бір арман - қырық жылдай құралған.  
Мұнда жырым тебіренсем, толғансам,  
Бір қыз болдым жолымасын сен ташқан?  
Әбдіраштың Жарасқаны

Гауһар АХМЕТОВА, ҚазҰУ-дың филология факультетінің 3 курс студенті.

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

### АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;  
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;  
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;  
Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;  
М.Т. МҰҚАШЕВА - "Парасат" кәсіподағының төрайымы;  
А. ЕЛІБАЕВА - студенттердің "Сұңқар" кәсіподағының төрайымы.

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;  
Бас редактордың орынбасары - Ербол Әбдірәсілов;  
Жауапты хатшы - Дарига Амангельдиева;  
Теруші - Айтгүл Бабасова;  
Көркемдеуші - беттеуші - Айдын Әбдібекұлы;  
Фототілші - МАМЫРЖАН;  
Нөмірдің кезекші редакторы - Сәндібек Жұбаниязов.

### МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, өл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Полиграфсервис" баспаханасында (Жандосов көшесі - 35) 24.09.2002 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 3000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. № 384 тапсырыс.

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттеу асатын материалдар қабылданбайды.

"Қазақ университетіне" жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

Баспасөз-2003 Баспасөз-2003 Баспасөз-2003 Баспасөз-2003 Баспасөз-2003

### Құрметті оқырман!

Өздеріңізге белгілі, биылғы жылғы газет-журналдарға жазылу науқаны басталып та кетті. Сіздер тарапынан солардың арасындағы сүйікті басылымдарыңыздың бірі "Қазақ университеті" газетіне де жазылады деген сеніміміз мол. Асығыңыздар!

Газеттің индексі - 65989.  
Бір жылға жазылу бағасы - 521 теңге 76 тиын.

Газетке жазылу еліміздің кез-келген нүктесіндегі байланыс бөлімшесінде жүзеге асырылады.

